

«Педагогика және психология» мамандығының

магистранттары Алибаев С., Абдрахманов М.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университет, Қазақстан

ОТБАСЫНДАҒЫ АТА-АНАМЕН БАЛАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Баланың адамгершілік сапасы ата-ананың балаға қатынасына, олардың өз басына деген қатынасына тәуелді. Балалық шақ адам өмірінің маңызды кезеңі. Балалық шақ қалай өтті, оның санасы мен жүрегіне қоршаған әлем қалай әсер етті, қазіргі нәресте ертең қандай адам болатыны, міне, осыған байланысты.

Қазіргі таңдағы тәрбиелік міндеттерді шешуде ата-анаға не қажет? “Уақыт”, - дейді ата-аналар. Ата-аналарға уақыт шындығында жетіспей жатады. Бірақ, ата-ана мен баланың қарым-қатынас уақытын көбейтпегеннен бала мейірімділік, шыншыл, тәртіптірек бола қала ма? Барлығы болмағанымен көпшілігі уақыттың санына емес, сол уақыттың ішінде қарым-қатынастың сапасына, мазмұнына байланысты. Баламен қарым-қатынас уақытын баланы жазғыру мен ескерту айту үшін емес, онымен достық әңгіме құруға, бірлесіп іспен айналысуға, оның психологиялық қасиеттерін, үрдістерін дамытуға, серуен құруға арнаған әлдеқайда тиімді.

Балаға қаншалықты мейірім төгіп жаныңды салсаң, соншалықты деңгейде қайырым мен махаббат аласыз.

Үлкендер мен балалардың қиын адамгершілік таңдама жасау жағдайында тұрған қазіргі таңда әлдеқауда мазмұнды қарым-қатынас қажеттілігі, ата-ананың балаға даму сатыларын лайықты, қатесіз өтуіне, қиын жағдайда жол табуына көмектесу, ата-аналық шынайы жылулық пен махаббаты сезіндіру қажеттілігі туады. Мұндай жағдайда балаға ата-анадан басқа кім көмек бермек? “Балалық шақта жіберілген нәрсенің орнын ештеңе толтыра алмайды. Мұны біз қазіргі қоғамда пайда болған нашакорлық, маскүнемдік, қылмыскерлік, жезөкшелік деген жағымсыз келеңсіздіктердің қоршаған ортамен қатар балалық шақтағы ата-ананың дарытқан танымдық қасиеттері, санасының дұрыс қалыптастыруына байланысты емес пе?”, - деген сұрақ туады. Қаншалықты ата-ана баласында өзбеттілік, эмоционалдық, танымдық, ерік-жігерлік үрдістерді, адамгершілік, шыншылдық, мейірімділік мінездерін тәрбиелесе, соншалықты бала да өз бейнесін сүюді, өзгемен қарым-қатынас құруды үйреніп, жалпы болашаққа деген көзқарасы сау, нақты қалыптасады.

Ата-аналық еңбекте, басқа іс-әрекеттерде сияқты, қателіктер, күмәнданулар, уақытша сәтсіздіктер, жеңілістер де жеңістер де кездеседі. Отбасындағы тәрбие секілді, ата-ана әрекеті, тіпті балаға деген сезім өте күрделі, өзгермелі, қарама-қайшылықты сонымен қатар ата-аналар бір-біріне ұқсамайтыны сияқты, балалар да бірін-бірі қайталамайды. Баламен қатынаста әр өзге адаммен сияқты терең, жеке және қайталанбас нәрсе.

Мысалы: егер ата-ана барлық жағынан да қалыптасқан, жеткілікті болса, мұндай жағдайда олар ата-аналық ең маңызды мәселені – балада өзіндік ізденіске, жаңаны тануға деген қажеттілікті тәрбиелеуді сірә, жүзеге асыра алмауы мүмкін.

Ата-ана қамқорлығы бала өмірін қолдап отыру үшін қажет. Ал ата-ана сүйіспеншілігіне қажеттілік – ол кішкене тіршілік үшін шындығында өмірлік маңызды қажеттілік. Әр баланың ата-анаға деген сүйіспеншілігі шексіз, шартсыз, кіршіксіз. Егер өмірінің алғашқы жылдарында ата-ана сүйіспеншілігі баланың өмірі мен қауіпсіздігін

қамтамасыз етсе,өсе келе ата-ана махаббаты адамның ішкі, эмоционалдық, психологиялық әлемінің қауіпсіздігі мен қолдау қызметін атқарады.

Ата-ана махаббаты – адамның жан және дене саулығының,берекесінің сапа көрсеткіші мен қайнар көзі. Дәл осыдан ата-ананың бірінші және негізгі мәселесі балада,оны жақсы көретіні туралы сенімділікті қалыптастыру. Ешқашан, еш жағдайда балада ата-ана сүйспеншілігінен күмән болмауы керек. Ұрпағына қай жас болмасын әрқашан мейіріммен, ілтипатпен қарау – ата-ананың табиғи да ең керекті міндеттерінің бірі.

Балада ата-ана сүйіспеншілігіне сенімділікті айырықшалау кейбір жағдайларға байланысты қажеттілік тудырады.Өсе келе бала ата-анасынан бөлек кететін жағдайлар сирек емес. Мұнда ең жақын адамдарымен эмоционалдық байланыстар үзіліп, психологиялық, ішкі жан дүниелік жағынан алшақтайды. Психологтар жасөспірімдік, маскүнемдік пен нашақорлықтың астарында көбіне ұрпағын сүймейтін ата-аналар жатқанын дәлелдеген. Отбасылық тәрбиеге негізгі талап – махаббат болып табылады. Бұл жерде баланы сүйіп және күнделікті соны жетекшілікке алып қоймай, сонымен бірге баланың өзі, қандай қиындықтар, қақтығыстар, жанжалдар ата-ана арасында болмасын, мейірімін, олардың оған деген кіршіксіз махаббатын, жылуын үнемі сезуі керек. Тек осы жағдайда ғана адамның ішкі әлемі дұрыс қалыптасып, сүйспеншілік негізінде ғана адамгершілік құлықтық іс әрекет жасалады, ал сүйіспеншілікке тек сүйіспеншілік үйретуі мүмкін.

Әр ата-ана өз сезімдеріне, жүрегінің даусына,өз баласының қабілеттеріне сеніп жүгінуі керек. Ал бұл жағдайды тәрбиенің қандай жүйесін ұстану оны тек өзі шешеді. Ал баланың нәзік жүрегі үшін оның жанұяда сүйікті екенін сезіну,ата-анасы үшін қымбат екенін білу.

Өскелең ұрпақтың қалыптасуындағы жанұяның елеулі ролі оның бала дамуындағы оның әсерін қайталанбастығымен, даралығымен, жақындығымен анықталады. Баланы ата-анадан жақсы ешкім біле алмайды.

Ата-ана тәрбиесі барысында тұлғаның адами сапалары қалыптасады. Бұларға адамгершілік, қайғыра білу, сөйлеу мәдениеті, зейінділік, мақсаттылық, инабаттылық, ізгілік. Керісінше,ата-ана стиліне, жанұяшілік қарым қатынасқа байланысты өзімшілдік, қаталдық, үлкенге деген дөрекілік, қоршаған ортаға салғырттық, жауапкершіліксіздік, аяушылықсыздық сияқты жаман қылықтар да дами алады.

Сондықтан ата-аналар баланың тұлғасын қалыптастыру мақсатында әр жағдайды, жанұялық салт-дәстүрді қолдануы керек, өз ата-анасына құрметпен қарап, баласына боларлық тәрбиеші болып, шыншылдық, адалдығын көрсетіп, жетілдіруі керек.

Бала біздің ғаламшарды мекендейтін тіршіліктің ішіндегі ең әдемі де қорғансыз тіршілік. Еш жоғары сүтқоректілердің балаларының бірі де үлкендер тарапынан адам сәбиі сияқты қамқор мен назарды осыншама қажет етпейді.

Адам баласы дамып жетіліп өзіндік өмірге дене, рухани, әлеуметтік дайындалуы үшін шамамен екі онжылдықта керек, Осы онжылдық адамға білім алып, тәжірибе жинап, мамандық алып, еңбек үрдісіне қатысып, қоғамда өз орнын табу үшін керекті.

Баланың сәтті дамуы үшін оның қажеттіліктері өтелуі тиіс. Бұл қажеттіліктерді қанағаттану деңгейі оның қалыпты дамуына, құрдастарынан қалмай жетілуіне немесе оның қате жолға түсуіне әсер етеді. Бұл қажеттіліктердің өтелуі баланың жеке тұлға ретінде қалыптасып, қоғамда өз орнын табуға мүмкіндік береді.Бұл мәселе тікелей оның ата-анасының қатынасына тәуелді.

Сонымен адамның дамуы дегеніміз- оның тұлғасының ішкі және сыртқы, тәуелді және тәуелсіз әсерлердің нәтижесінде қалыптасуымен құрылды. Даму адамның дене ,ақыл - ой адамгершілік қасиеттерінің өсуін айқындап отырып қоймай,туа біткен, не жүре пайда болған қасиеттерінің барлық сандық,сапалық өзгерістерін қамтиды. Дене,ақыл -ой,адамгершілік жетілу болып табылатын адамның даму процесі,негізінен баланың биологиялық түр өкілі ретіндегі адам нышандарына ие, биологиялық индивидтің жеке тұлғаға, адамзат қоғамы мүшесіне айналуын білдіреді. Даму алдымен

адам ағзасын мен психикасының сапалық өзгерістері. Бұл өзгерістер белгілі бір әлеуметтік, жанұялық, қоршаған адамдардың әсері жағдайында болады. Адам дамуының қозғаушы күші болып, қарапайым денелік әлеуметтік қажеттіліктер мен олардың қанағаттануын қамтамасыз ететін жоғары құндылықтардың арасындағы қарама-қайшылықтар болып табылады. Осы қажеттіліктер түрткілер тудырып, олардың жүзеге асуына себеп болады, адамдармен қарым-қатынасқа итермелейді.

Адам дамуы мен көптеген қатынас құру процесінде тұлғаның қалыптасуы жүреді. Бұл, оның дамуының әлеуметтік жақтары мен қоғамдық болмысын білдіреді. Физиологиялық тұрғыдан алғанда адам дамуы өте күрделі үрдіс. Оның түрлі бөлімдері мен жүйелері даму кезеңдерінде түрліше жетіледі. Адам психикасы, оның көрінулері әрқашанда әр адамның ішкі жеке жағдайынан тарап, сыртқы жағдайының әсері нәтижесінде дамиды. Адам тұлғасы, әлеуметтік қабілеттері адамның биологиялық негізінен емес, тек әлеуметтік жағдайымен айқындалады. Адамның тұлғасының дамуы, адами нышандардың сөйлеу, ойлау, адамның тік жүруі үшін адамдар қоғамы мен әлеуметтік орта қажет. Адамның жеке тұлға болып қалыптасуына әсер ететін негізгі әлеуметтік институттарының бірі-жанұя болып табылады. Адамның психикасының қалыптасуын, оған қоршаған ортаның әсерін зерттеген ғалымдар балалардың бұрын мәлім болмаған қабілеттерін тапты, ал ең негізгісі түрлі қызыметтерінің ақыл-ой қабілеттерінің, адамгершілік сапаларының дамуына ең жағымды баланың өмірінің күндерін ашты. Соның ішінде Австрия ғалымы З.Фрейд (1856-1939ж.) адамның тұлға ретінде дамуын және оның қалыптасу кезінде туатын мәселелерді зерттеді. Ол мінез-құлықты балалық шағындағы отбасы тәрбиесі әсер ететін биологиялық қызығушылықтар, инстинкттер және бейсаналық түрткілер деп қарастырды. Фрейд балалар 5 психикалық, нақтырақ айтқанда психосексуалдық дамудан өтеді, ал олардың әрқайсысының өту сипаты тікелей түрде тұлғаның қалыптасуына әсер етеді деген. Оны қоршаған адамдардың ойлары дененің белгілі бір бөлігіне шоғырланады. Анальдік кезең бала желісі ауыз айналасына шоғырланған. Емшек ему кезеңінде қанағат алған бала өскен соң өз бетіне дамыған азамат болады.

Керісінше ана сүтінің жылуына қанбаған бала болашақта еріксіз азамат болып қалыптасады. Көп сөйлемейтін, тырнақ жейтіндер, осы кезеңде тұрып қалғандар.

Анальдік кезең /2ден - 3жасқа дейін/. Бұл кезеңде балаға дәрет алу дағдылары түсіндіріледі. Оның зейіні анальдік аймаққа аударылады. Бұл кезеңді сәтті өткізген балалар ойлау икемдігі мен кеңпейілдік, ұқыптылық /қасиет/ сапаларымен ерекшеленеді.

Ал зорлықпен үйретілген бала болашақта шектен тыс тазалықшыл, ұқыпшыл, үрейлеңгіш болып келеді.

Ал бұл кезеңде қараусыз қалған балалар агрессивті, бұйрықшыл болып өседі.

3. Фалликалық кезең /4-5 жас/. Бұл кезеңде балалар өзінің жыныс мүшелерін тануға бағытталады.

Оларда қарсы жынысты ата-анасына жақсы көру сезімдері пайда болып, өзімен жыныстас ата-анасына жағымсыз сезім туады. Эдип және Глектра комплекстері осы кезде болады.

4. Латенттік кезең /6-12 жас/. Бұл кезеңде балада елеулі өзгерістер болмайды. Үлкендерден іс-әрекет ережелерін қайталап үйренеді.

5. Генитальді кезең /13-18жас/. Балалар зейіні қайта өз жыныс мүшелеріне ауып, өзге жынысты адамдарға қызығушылық туады.

Фрейдтің айтуынша, егер бала соңғы 3 кезеңде психикасына соққы боларлық жағдайды басынан кешірсе, бұл кезеңге бала барлық назарын аударып, осының нәтижесінде бұл кезеңнің кейбір сәттері адамның жеке әлемінде сақталып қалып өмір бойы оны аңдып жүреді екен.

Кейін Фрейдтің “психосексуальді” деп атаған күндері екпінін биологиялық қанағаттануға түсірсе, Эриксон «әлеуметтік» деген ұғымды көп пайдаланды.

Сөйтіп, адамның дамуына әлеуметтік, тарихи - мәдени әсердің ролін басып көрсеткен. Эриксон дамуды 8 кезеңге бөліп, әр кезеңде адам өздік дағдарысты бастан кешті деген. Көрсетілген 8 кезеңді адам әртүрлі жылдамдықпен және сәттілікпен өткізеді.

1. Сәбилік шақ
2. Ерте балалық шақ
3. Ойын кезеңі
4. Мектеп кезеңі
5. Жеткіншектер кезеңі
6. Жастық шақ
7. Ересектік шақ
8. Қарттық шақ

Баланың алғашқы қажеттіліктеріне ғалымдардың ашқан тағы бір жаңалығы мынандай: балада алғашқы дүниеге келген күннен бастап бойында психикалық қажеттіліктер болады, олардың қанағатталынуы баланың рухани дамуына қамтамасыз етеді. Алғашқы мезетінен бастап балада табиғи қажеттіліктер болады. Баланы жылыда ұстау керек, оны тамақтандыру керек, жарақат, аурудан қорғау қажет. Дәл осылай психикалық қажеттіліктер де қанағатталуы керек. Табиғи сияқты бұл қажеттілік бала өміріне тікелей қауіп төндірсе де, оның қанағаттандырылмауы баланың мінез-құлқы мөлшерден ауытқып дамып, соңында қоғамның пайдалы мүшесінен оның кеселіне айналуы мүмкін.

Психикалық қажеттіліктің тағы бір негізгісі - ол баланың айналадағылар мен эмоционалдық байланыс қажеттілігі немесе өзінің эмоционалдық сенімділігіне қажеттілігі. Бала алғашқы күндері анасына тартылып, одан қорған іздейді, “бөтендердің” болуы балада қауіпсіздік сенімін төмендетеді. Бала тәуелсіздік сезімін бастан кешіреді, бұл баланың болашақта өзбетті және тәуелсіз болуының алғы шарты. Эмоционалды сезімге кедей ортада тәрбиеленген бала /күрделі/ мінез-құлқында күрделі ауытқулар болады, ол есейгенде де сақталып қалады. Олар адамдармен қиын жақындасады, көбіне біреуге қорған, тіреу болу қабілеті төмен келеді. Осыдан, қазіргі заман ғылыми ежелгі ақиқатты ашып бергенін көреміз: балаға сүйіспеншілік керек. Бұл, әрине, баланы еркелетіп, дегенін жасау деген ұғым емес. Саналы түрде баланы жақсы көру, балаға оның өміріндегі алғашқы қарым-қатынасында, өзіне деген сенімділік тудырады, біреуге керек екенін сезеді, айналасында оны ешқашан тастап кетпейтін адамдардың бар екенін біледі.

Ана махаббаты шектен тыс асқан болса да жаман. Нағыз ананың баласына махаббаты талапты, бірізді, тіпті қатаң болуы тиіс. Өз денсаулықтары мен күштерін балаларының жарқын болашағы үшін, құрбан еткен ата-аналар санын көбейтудің қажеті жоқ. Анасы бүкіл өмірін сарп еткен бала шындығында да жоқтық көрмеуі мүмкін, яғни анасы бәрін жасайды.

Алайда мәселе мынада: шындығында да баласы өзін сүйікті түрде құрбан еткен анасынан да бақытты болды ма?

Яғни, қоғамға пайдалы қайратты да, байсалды тұлға дамыды ма? Алайда бала үшін анасы мен әкесі отбасында балаларымен бірге бақытты, қуанышты сезінетін жағдай жасаса, сол пайдалырақ. Өздерін ұмытқан, өздерінің өмірлік бақыттарын құрбан ететін ата-аналар ешқашан баласына сау эмоционалдық қатынастар орнатылып, көрінетін орта тудыра алмайды.

Көбіне ата-аналар уақыттың қызметтен жетіспеуіне шағымданады. Бір жағынан /қызмет керек те, ал екіншіден/ бұл шағымдарда шындықтың бір бөлігі бар, алайда ол түгел емес. Тәрбие нәтижесінің сәттілігі анасының баласымен өткізген уақытын емес, оның баласына деген қатынасына тәуелді, басқаша айтқанда балаға анасының сүйіспеншілігі керек.

Ал, балалар ойынына үңілсек ойымызға азық боларлық талай нәрсе байқаймыз. Кейде балалар өз ата-аналарының сөздерін, әдет- қылықтарын аудармай салып жатады. Бұл жағдайда бала тек сөз, әдеттерді қайталап алмайды, сонымен қатар ата-анасының

көзқарасын алады, ол ойын барысында сан рет қайталанып, ақырында ата-ана пікірлері мен іс-әрекеттері енді баланың ұстанымдары мен мінезіне айналатын күн туады.

Қалай ғана баланы өмірдің сан қырымен таныстырып, тек ата-анасының ғана емес сонымен бірге басқалардың да тәжірибесінен /танысу/ кезігу мүмкіндігіне ие қылдырып, ешкімді қайталап көшірмей осы тұрғыда жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік беруге болады. Әлі ғылымда жанұяның мүшелерінің дара өмірі емес, сезімдерге, ойларға, іс-әрекеттерге бай жанұяның бірлескен өмірінен артық тиімді жол табылған жоқ. Ең болмағанда, күніне бір рет жанұяда үстел басында жиналып әңгіме айтылғанның өзі бала тәрбиесі үшін, жалғыз отырып жеуге мәжбүр болған бір қап банандардан маңыздырақ.

Бірігіп істелінген еңбек, қонақтыққа бару бала үшін пайдалы. Баланың дұрыс қоғамдық бағдарлануы үшін жанұяда сау жағдай болуы керек, ата-ана арасындағы жағымды қатынас керек.

Бала өзінің барлық сезім мүшелері арқылы оны қоршаған әлемді тани бастайды, жақсы мен жаманды, әдемілік пен сұрықсыздықты, жағымды мен жағымсызды айыруға үйренеді. Осыдан балада әлемге айырықша сезім туады, ал бұл сезімнің болашақта қандай болуын бала шешеді.

Баланың әлемді тануы өзінің “Менің” /тануынан/ санасынан өткізгеннен басталады. Ол бірте-бірте бұрынғы анасымен біріктіретін “біз” – ден алшақтап, келесі этапта басқа да “Мен” “Ол” және “біз” бен бірігіп тұратын жаңа басқа саладағы “біз” – ді құрайды. Басқа тұлғалылықтан өзгеше “Мен” тұлғалылық баланың болашағы үшін маңызды сала, сондықтан оның “Мен” әрқашан дамытып, қолдап отыру керек. Алайда балада оның “Мен” дамытып, қолдай отыра балаға міндетті түрде басқа адамдар да өздерінің “Менін” бар екенін есіне салуды ұмытпау керек.

Осыдан бала өзінің сезіміне, қиялына жетерлік әлемді өзінің “Мен” сезімінен өткізеді. Бала өз анасын көз алдынан кетірмей, оның көзқарасы арқылы өзінің дұрыс бағытта жүріп келе жатқандығын біліп отырады.

Баланың психикалық дамуына әсер ететін көп факторларды психотерапевтілермен тапқан. Олар ересек адамдармен жұмыс жасай келе, олардың жан ауруымен ауратындарында балалық шағында жанұяның бұзылуы, ата-анадан оқшауланып, қоғамдық орында тәрбиеленуі, ата-ана арасындағы жанжал, ата-ана мен бала арасындағы суық қатынас пен тәрбиенің қатаң әдістері болғанын тіркеген.

Психоанализ тұрғысынан балалық шақтағы, әсіресе, сәбилік шақ соңында, болған оқиғалар баланың дамудың әр сатыларын сәтті өтуін қамтамасыз етеді, не оны баяулатып тежейді. Егер жеке тұлға бір мәселені жеңе алмаса, келесілерінің шешілуіне кедергі келтіреді, кей қиын жағдайларда бұл себептер психикалық ауытқуды туғызуы мүмкін.

Сол себепті ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасқа өте мұқият болған жөн. Жоғарыда айтқандай бала кездегі келіспеушілік бейсаналы түрде бала миында қалып қалуы әбден мүмкін, сол жағдайды болдырмас үшін отбасындағы бала тәрбиесіне жете көңіл бөлген жөн деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Қ. Шалғынбаева Ұлттық тәрбие. Типтік оқу бағдарламасы. Алматы: Абай атындағы Қаз НПУ, 2010
2. Қ.Қ. Шалғынбаева, Н.П. Албытова, Т.С. Сламбекова Жоғары мектеп педагогикасы -Астана, 2014
3. Блага К., Шебек М. "Я - твой ученик, ты - мой учитель." М.: "Просвещение", 1991 г.
4. Әтемова Қ. Ата-аналар жиналысының мәні. А., 1996.
5. Құрманалина Ш.Х., т.б. Педагогика. А., 2004.

6. Волкова Е.М. "Трудные дети или трудные родители?" М.: «Профиздат», 1992г.